

ческих преобразований. Такие преобразования могут рассматриваться как способы перевода, и переводчик может их сознательно воспроизводить, отыскивая оптимальный вариант перевода, но это лишь частный случай в сложной мыслительной деятельности переводчика.

1. Швейцер А.Д. «Теория перевода: Статус, проблемы, аспекты». М., 1988. – 111с.

2. Львовская З.Д. «Теоретические проблемы перевода». М., 1985 – 232 с.

3. Комиссаров В.Н. «Лингвистика перевода», М., Меж. отн., 1980

4. Бархударов Л.С. «Язык и перевод (вопросы общей и частной теории перевода)» М., Меж. отн. 1975

Мақалада аудармалық трансформацияның аударма ісіндегі негізгі тәсіл болып табылатыны көрсетілген.

The article is devoted to the translation transformations as the main way of the translation.

Ж. О. Мамбетов

ҰЛЫЛАРҒА ТӘН ОРТАҚ ОЙ (Батыс және шығыс әдеби байланыстары негізінде)

XIX ғасыр адамзат баласына экономикалық жағынан ғана емес өнерде де үлкен өзгерістер мен жаңалықтар әкелген кезең болды. Батыс Еуропада капиталистік қатынастардың нығая бастауы дамыған мемлекеттерге жанталаса отар елдерді бөліске салуға алғы шарт болса, Шығыс Еуропалық Ресей де өзінің экономикалық жағынан артта қалғанына қарамастан сол алпауыт елдерге еліктеп өз қанатын Кавказ бен Орталық Азияға кеңінен жаюды мақсат тұтты.

Біреулер отар елді бағындыруға бар күштерін салып жанталасса, енді бір халықтар отарлық езгіден құтылу үшін жан беріп, жан алысып арпалысып жатты. Әрине мұның бәрі де әлдінің әлсізге жасайтын әділетсіз соғыстар арқылы іске асқаны белгілі.

Яки XIX ғ. алғашқы ширегіне көз жүгірте қарағанда тыныш жатқан бейбіт елді, соғыс, көтеріліс болмаған аймақты кездестірудің өзі қиын. Мұндай дүрбелеңі мол кезеңнің реалистік бейнесі сол кездегі әдебиетте де кеңінен орын алып, суреттелді. Ол суреткерлер өз дәуірінің шындығын, айқасқа, күреске толы өмірін ерекше шабытпен, тың мазмұнға толы ерекше формада жырлады. Олар әр халықтың поэзиясында азаттық деген ұғымның ұлылығы туралы соны пікір қалыптастырды. Халық жүрегінде мыңдаған жылдар бойы шемел болып қатып сыртқа шыға алмаған «бостандық», «азаттық» деген арман сияқты сөздердің ақиқат өмірде болуы мүмкін екеніне жұртты сендіре білді. Қарапайым халық ондай өлеңге таңдана да тамсана қараса, байлық пен биліктің құлағын ұстағандар үркіп тосырақай теріс айналды. Бұл жалпы әдебиетке ғана емес қоғамдық санаға да үлкен өзгеріс әкелген дәуір еді...

Әдебиеттегі осынау ұлы реформалардың басында ағылшын ақыны Джордж Гордон Байрон, орыс ақыны Александр Сергеевич Пушкин, қазақтың дауылпаз ақыны Махамбет Өтемісұлы сияқты біртуар тұлғалар тұрды.

Джорж Байрон ең алғашқылардың бірі болып халық азаттығын, қарапайым бұқараның мұң мұқтажын ашына жазып, феодалдар мен капиталистердің ашкөздік мінез-құлқын жеріне жеткізе сынады. Мұндай батыл айыптау сол кездегі ағылшын қоғамындағы этикаға, қалыптасқан моральдық нормаларға сиымсыз деп танылып, елінен қуылды.

Ал Дж. Байрон шығармашылығын пір тұтып, өзіне ұстаз санаған А.Пушкин болса азаттықты сүйген ойын ашық айтып, декабристерді қолдаған үшін Ресейдің өз ішінде жер аударылып, жапа шекті.

Қазақ ақыны Махамбет “қара қазан, сары бала қамы үшін” қолына қару алып ашық майданға шығып, сол жолда жанын пайда етті.

Олардың өлеңмен өрнектеген ой-армандары бір арнада тоғысып, белгілі бір сабақтастықпен жалғасып жатқандай көрінеді. Оны төмендегі мына мысалдан да аңғаруға болады. Халықтың қанын мойнына жүктеген қатал да қаражүрек әмірші туралы Дж.Байрон өзінің “Наполеон Бонапартқа мадақ” деген өлеңінде:

*Кровь за тебя лилась потоком,
А ты своей так дорожил!
И пред тобой-то, как пред Рокком,
Колена сонм князей клонил!
Ещё дороже нам свобода
С тех пор, как злейший враг народа
Себя всемирно заклеил!
Среди тиранов ты бесславлен,*

А кто из них с тобой был равен? – /1.86/

деп шексіз билік иесін қорқақ,өзімшіл, халықтың қас жауы (злейший враг народа) ретінде айыптаса, орыс ақыны А.С.Пушкин “Еркіндік” /Вольность/ деген лирикасында Александр патшаның жауыздығы мен рақымсыздығына мынадай баға береді:

*Самовластительный злодей!
Тебя, твой трон я ненавижу,
Твою позитель, смерть детей
С жестокой радостью вижу.
Читают на твоём челе
Печать проклятия народы,
Ты ужас мира, стыд природы,
Упрек ты богу на земле... /2.137/*

Егер осы өлеңнің алғашқы төрт тармағының жолма жол аудармасына назар аударсақ:

*Бір өзі бар билікке ие жауыз!
Сені, сенің тағыңды мен жеккөремін.
Сенің қазақты, балаларыңның өлімін,
Мейірімсіз қуанышпен көремін –*

деген қатал да қарғысқа толы ашынған жанның жан айқайын ұққандай боламыз. Ақын патшаның маңдайына жазылған халықтың қарғысынан өзі ғана емес, күллі ұрпағының ажал табатынын айтады. Біздіңше өз патшасын бұлайша айыптап, лағнет айту А.С.Пушкинге дейінгі орыс әдебиетінде бұрын кездесе қоймаған сирек құбылыс.

Әрине Дж.Байрон мен А.С.Пушкин шығармашылығын салыстыра оқығанда орыс ақынының ағылшын ақынынан көп нәрсені үйреніп, кейде еліктеуге ұшырап отырғанын да жасыра алмаймыз. Әсіресе бұған В.М.Жирмунскийдің “Байрон және Пушкин” деген ертеректе қорғалған докторлық диссертациясымен танысқанда тереңірек көз жеткізуге болады. Байронның әлем әдебиетіне, оның ішінде орыс әдебиетіне тигізген әсерін А.В.Луначарский былайша спаттаған: “Ал енді әлем әдебиетіне оның жасаған ықпалы орасан болды. Қай елдің әдебиетін алсаң да – бәрінде де Байронға еліктеу бар. Ол ықпал, әсер орыс әдебиетінде де үлкен. Жәй орташа жазушы – Бестужев – Марлинский секілділердің шығармаларынан бастап, байронизм дегенің тұнып тұр

Ал Пушкин мен Лермонтов Байрон ықпалына қатты берілгендігі сондай, Пушкиннің алғашқы кездегі шығармалары тіпті “Евгений Онегиннің” өзі Байрон мектебінің шығармасына жатады...” /3.10/ – деп жазды. Бұған қарағанда Пушкин орыс әдебиетіне жаңалықты ағылшын әдебиетінен әкелген секілді. Онда батыс Еуропалық үлгі, Байронға тән машықтар жиі кездесетіні де сондықтан.

Ал Махамбетте ондай еліктеу жоқ. Ол нені суреттесе де ұлттық дәстүрде жырлаған ақын. Солай дей тұрсақ та оның Жәңгір ханға арнаған:

*Хан емессің, қасқырсың
Хас албасты басқырсың.*

*Достарың келіп табалап,
Дұшпаның сені басқа ұрсын.*

*Хан емессің, ылаңсың,
Қара шұбар жылансың.
Хан емессің, аянсың
Айыр құйрық шаянсың. /4.92/ –*

деген атақты өлеңдегі ой мен сөз саптау тәсілі жоғарыдағы екі ақынмен үндесіп келуі қайран қалдырады.

Махамбеттің орыс тілін білгендігі туралы мағлұмат болғанымен оның Байрон, Пушкин шығармаларымен таныс болғандығы туралы дерек кездеспейді. Оның шығармашылық өнерінен ағылшын, орыс әдебиетіне жақындығы бар ешқандай да бір белгіні кездестіре алмаймыз. Соған қарамастан өзімен замандас ақындармен бір бағытта, белгілі бір тақырып аясында ғана емес, көркемдік тұрғыдан да жақын келіп, сабақтаса байланысып жатуы Махамбеттің ұлылығын танытса керек. Яғни бұл жердегі басты мәселе үшеуінің де қарапайым бұқараның көкейіндегі ойды айтып, азаттықты басты мақсат етіп қоюында шығар деп ойлаймыз.

Сонымен қатар адамзат баласының мәдениеті мен экономикасының қандай даму деңгейінде тұрғанына қарамастан олардың өнердегі қолтаңбалары, эстетикалық таным-түсініктері кейде бір біріне өте жақын, ұқсас болып келетін жағдайлар да кездесіп жатады. Бұған кезінде академик А.Н.Веселовский де назар аударып, арнайы пікір айтқан. “Как в языках, при различии их звукового состава и грамматического строя есть общие категории (например, числительных имен), отвечающие общим примерам мышления, так и сходство народных верований, при отличии рас и отсутствии исторических связей, не может ли быть объяснено из природы психического процесса, совершающегося в человеке? Чем иначе объяснить, что в сказках и обрядах народов, иногда очень резко отделенных друг от друга и в этнологическом, и в историческом отношениях, повторяются те же мотивы, те же задачи и общие очертания действия?...” /5.86/

Бір дәуірде өмір сүрген үш ақынның өлең топтамаларын парақтай отырып олардың көңіл күйлеріндегі торығуды суретті сөзбен жеткізудегі ұқсастықтары да ақындық болмыстың ортақтығын айғақтай түседі. Мысалы, Дж. Байрон “Еске алу” (Воспоминание) деген шағын лирикасында өзінің жалғыздығын былайша сыр қылып ақтарады.

*Конец! Все было только сном.
Нет света в будущем моем.
Где счастье, где очарование?
Дрожу под ветром злой зимы,
Рассвет мой скрыт за тьмой,*

*Ушла любовь, надежд сиянье...
О, если б и воспоминанье! /6.9/*

Ақын ойы, оның нәзік сезімі өз болашағын қараңғылық бұлты басқандығын сезіп аласұрады, сонымен қатар оған мойынұсынған шарасыздығын да аңғартады. Әрине мұндай көңіл күйге байланысты лирика кейінгі ақындарда да көп кездеседі. Бірақ бірін бірі білмейтін, танымайтын Байрон мен Махамбеттің адам мінезінің жабыққан бір сәтін бірдей бейнелеулері кімді де болса елең еткізбей қоймасы сөзсіз. Осыған ұқсас бірнеше өлеңді А.С. Пушкин шығармаларынан да мысалға келтіруге болады. Ол өзінің “Я пережил свой желенья” деген лирикасында:

*Я пережил свои желанья,
Я разлюбил свои мечты;
Остались мне одни страданья
Плоды сердечной пустоты
Под бурями судьбы жестокой
Увял цветущий мой венец –
Живу печальный одинокий,
И жду: придет ли мой конец? /2.162/–*

деп өзінің жалғыздығын (Байроннан он бес жыл кейін 1821 ж.) басына түскен бақытсыздыққа балап, өмірден күдерін үзе егіледі. Бұлайша егілу, өмірдегі сәтсіздіктердің барлығынан өлім елесін іздеу жалпы өнер адамдарында жиі кездесетін құбылыс десек те, жоғарыдағы екі ақынның сөз саптауларының өзі бір-біріне өте жақын екендігін байқамау мүмкін емес. Бұл жерде А. Пушкиннің Байрон шығармаларымен өте терең таныс болғандығын да есте ұстаған жөн.

Ал дәл осы тақырыпты Махамбет өзінің “Жабығу” деген толғауында соларға мазмұндас үлгіде, бірақ қазақы ұғыммен былайша жырлайды:

*Күн жадына қарасам,
Жедінің оны құралай.
Аспанды борай қар жауып
Аштырмайды көзімді,
Қақтырмайды кірпікті,
Соғады боран сабалай.
Халық үшін қанды төгем деп,
Қараны ханға теңеп берем деп,
Ол мақсатқа жете алмай,
Дегенімді ете алмай
Қор болдым-ау, шырақ-ай. /4.47/*

Үшеуінде де лирикалық қаһарманның психологиялық болмысы табиғат суреттерімен ұштаса бейнеленеді. Байрон өзінің бақытын, үміт отын жағар келешегін “қатал қыс желінің астында дірілдеп” тұрып күтсе, Пушкин басындағы гүлденген бақытты сәтін (тәжін) “қатал тағдыр дауылы” алып кеткенін аңғартады, ал Махамбет көңіл күйіндегі өкіну сарыны “аспанды борай қар жауып, аштырмайды көзімді, қақтырмайды кірпікті, соғады боран сабалай” деген символдық параллелизм арқылы берілген. Желдің образы үш ақынның лирикасында да қиратушы ретінде көрініс беріп, қатыгез тағдырдың суретті

сипатын аңғартады. Үшеуінде де көздеген мақсаттарына қол жеткізе алмаған өкініш, тағдырдың қатал үкіміне қарсы тұра алмаған шарасыз жанның көңіл күйі айқын байқалады. Байронды “арайлы үміт пен махаббат тастап кетсе” (ушла любовь, надежд сиянье), Пушкин “жабырқаулы жалғыздықта отырып өмірінің ақырын күтеді” (живу печальный одинокий, и жду: придет ли мой конец), Махамбет “мақсатына жете алмай, дегенін ете алмай, қор болады”. Бұл танып, біліп қайталау емес, интуитивті қайталау, яки көркем ойды жеткізудегі ізденістен туындаған ұқсастық, ақындардың іштейгі толғаныстарының белгілі бір психологиялық көңіл күйді суретті сөзге айналдыру жолындағы образды ойларының сәйкестігі деп түсінеміз. Бұл ақындардың шығармаларын салыстыра зерттегенде тағы бір есте ұстайтын нәрсе Байрон мен Пушкин жазба әдебиеттің өкілдері де, Махамбет өз шығармаларын ауыз әдебиетінің үлгісімен шығарған суырып салма ақын. Сондықтан да алдыңғы екі ақын секілді ол өз өлеңдерін қайта қарап редакциялай алмағаны белгілі. Соған қарамастан Махамбеттің әлем әдебиетінің алыптарымен сөз өнерінде үзеңгі қағыстырып, ой таластыруы, солармен үндес пікірде болуы, көркемдік жағынан да деңгейлес тұруы оның шығармаларын салыстырмалы әдебиеттану негізінде әлі де болса тереңдей зерттеуді талап етеді.

Қорыта айтқанда, әр алуан кеңістікте, белгілі бір уақыт аралығында өмір сүрген үш ақынның шығармаларында үшеуіне де ортақ ұқсас құбылыстардың көрініс табуы кездейсоқ нәрсе емес. Онда ұлы суреткерлердің өмірді образ арқылы танудағы ақындық қасиеттерінің, логикалық пайымдау ерекшеліктерінің әлі де болса біз біле бермейтін құпия сырлары болуы мүмкін. Қазіргі салыстырмалы әдебиеттану ғылымы мұны сол ақындар өмір сүрген табиғи ортамен, сол елдің саяси жүйесімен, экономикалық даму деңгейімен тағы басқалай түсіндіруге тырысады. Дей тұрғанмен де жеке ақынның психологиялық болмысын, керек болса бүтіндей биологиялық бітімін зерттейтін де уақыт келген сияқты.

1. Байрон Дж.Г. Избранное произведение. В 2-х т. Т.1. М.: Худож. лит., 1987.

2. Пушкин А.С. Собрание сочинений. М.: Молодая гвардия, 1949.

3. Луначарский А.В. Байрон. Жалпы мінездеме. Кітапта: Байрон Дж.Г. Теңіз көкжалы. Өлеңдер мен поэмалар. Алматы: Жалын, 1997.

4. Өтемісұлы М. Ереуіл атқа ер салмай. Өлеңдер.- Алматы: Жазушы, 1989.

5. Веселовский А.Н. Сравнительная мифология и ее метод. Собр.соч. Т. 16. М-Л., 1908. -38.

6. Байрон Дж.Г. Избранное. М.: Правда, 1985.